

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының 1996 жылға арналған бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 қазандағы N 1306

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының 1996 жылға арналған бюджеті қосымшаға сәйкес кірісі бойынша 23261,0 млн. теңге, шығысы бойынша 23261,0 млн. теңге болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының 1996 жылға арналған бюджеті мыналардың есебінен қалыптасады деп белгіленсін:

жыл басындағы қаражат қалдығынан - 17,0 млн. теңге;

кәсіпкерлік қызметпен шұғылданушы заңды тұлғалардың (Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек ақы қоры бөлігіндегі шетелдік қатысушы заңды тұлғалар мен шетелдік заңды тұлғалар өкілдерін қоса) және азаматтардың 10500,0 млн. теңге сомасындағы сақтандыру жарналарының аударымдарынан;

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығына сәйкес жұмыс істемейтін халықты сақтандыру үшін облыстар мен Алматы қаласы бюджеттерінің 12104,0 млн. теңге сомасындағы сақтандыру төлемдерінен;

мемлекеттік бағалы қағаздарға және банктердің депозиттеріне уақытша басы бос қаражатты салудан алынған кірістерден - 20,0 млн. теңге;

бланк өнімдерін әзірлеу жөніндегі шығындардың орнын толтырудан - 70,0 млн теңге;

басқа да кірістерден - 550,0 млн. теңге.

3. 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы міндетті медициналық сақтандыру қорынан мыналарға қаржы бағытталсын:

міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасы шеңберінде медициналық қызмет көрсетулерге төлем - 22318,0 млн. теңге, оның ішінде заңды тұлғалардың сақтандыру төлемдерінің нормалық сақтандыру запасын жасақтауға (20 процент), бұлар міндетті медициналық сақтандырудағы базалық бағдарлама көлемінде және денсаулық сақтауды дамытудағы мақсатты бағдарламаны қаржыландыруда азаматтарға медициналық көмек көрсетудің көлемі мен сапасын теңестіру үшін пайдаланылады - 2100, 0 млн. теңге;

міндетті медициналық сақтандыру жүйесін (қалыптастыруға) бір жолғы шығыстар - 133,0 млн. теңге;

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорын ұстау және әлеуметтік дамытуға арналған шығыстар - 650,0 млн. теңге;
1995 жылы алынған бюджеттік несиені қайтару - 10,0 млн. теңге;
бланк өнімін әзірлеу жөніндегі шығыстар - 70,0 млн. теңге;
басқа шығыстар - 80,0 млн. теңге.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері сақтандыру қорының алымын толық және уақтылы қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті

медициналық сақтандыру қоры Үкіметтің қабылдаған шешімдеріне сәйкес қаражатты мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін, сондай-ақ шығыстардың кірістерден асып кетуіне жол бермесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 қазандағы
N 1306 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті
медициналық сақтандыру қорының 1996 жылға арналған
бюджеті

КІРІСТЕР (млн.теңге)

- | | |
|---|-------|
| 1. Жыл басында қалған қаражат | 17 |
| 2. Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданушы заңды тұлғалардың (Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек жалақысы қорының бөлігіндегі шетелдік қатысушысы заңды тұлғалар мен шетелдік заңды тұлғалар өкілдерін қоса) және азаматтардың сақтандыру жарнасын аудару | 10500 |
| 3. "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар жарлығына | |

сәйкес жұмыс істемейтін халыққа арналған облыстар
мен Алматы қаласы бюджеттерінің сақтандыру
төлемдері 12104

4. Мемлекеттік бағалы қағаздарға және банктер
депозиттеріне уақытша айналымдағы қаражаттарды
қосудан алынған кірістер 20
5. Банк өнімдерін әзірлеу жөніндегі шығындардың
орнын толтыру 70
6. Басқа кірістер 550
- кірістер жиыны 23261

ШЫҒЫСТАР (млн. теңге)

1. Міндетті медициналық сақтандыру базалық
бағдарламасы шеңберіндегі медициналық қызмет
төлемі оның ішінде заңды тұлғалардың сақтандыру
төлемдерінің нормалық сақтандыру запасын 22318
жасақтау (20 процент) 2100
2. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесін
қалыптастыруға арналған біржолғы шығыстар 133
3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы
Міндетті медициналық сақтандыру қорын Ұстау,
әлеуметтік дамытуға арналған шығыстар 650
4. 1995 жылы алынған бюджеттік несиені қайтару 10
5. Бланк өнімдерін әзірлеу жөніндегі шығыстар 70
6. Басқа шығыстар 80
- Шығыстар жиыны 23261